

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шет елдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 ақпан N 128. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.11. N 948 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процесінде мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығын орындау үшін және шет елдік инвестицияларды тарту және пайдалану жөніндегі саясатты жүргізу саласында мемлекеттік органдардың қызметтері мен өкілеттіктерін нақтылауға байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шет елдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік аппараты қызметкерлерінің шекті саны 50 адам болып белгіленсін (ғимаратты күзету және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлерді қоспағанда). Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" 1994 жылғы 4 қазандағы N 1108 (1 кесте) және "Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы" 1994 жылғы 20 желтоқсандағы N 1426 қаулыларында көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары Агенттіктің қызметкерлеріне қолданылсын. Қазақстан Республикасының Экономика Министрі Агенттіктің құрылымы мен штаттық кестесін бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттіктің аппаратын ұстауға қажетті қаржы бөлуді көздесін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының Шет елдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің мәселелері" туралы 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1073 қаулысы б о й ы н ш а :

қаулы тексінен "инвестициялық" сөзі алынып тасталсын;

6, 8-тармақтардың және 11 - тармақтың екінші абзацының күші жойылған деп т а н ы л с ы н ;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы

№ 19 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 1, 7-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Шет елдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік туралы Ереже бойынша;

1-тармақтан, 4-тармақтың төртінші абзацынан, 5-тармақтың алтыншы абзацынан "инвестициялық", "инвестициялы" сөздері алынып тасталсын;

3-тармақтың екінші абзацынан "инвестицияларды және" және сөзі алынып тасталсын.

8-тармақтың үшінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі